

## Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі бірыңғай үйлестіру кеңесін құру туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 308 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 № 970 қаулысымен.**

Жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мақсатында Қазақстан  
Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес құрамда Кәсіпкерлік мәселелері  
жөніндегі бірыңғай үйлестіру кеңесі құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі бірыңғай үйлестіру  
кеңесі туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2010

жылғы

14

сәуірдегі

№

308

қаулысына

1-қосымша

## Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі бірыңғай үйлестіру кеңесінің құрамы

**Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329  
қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға  
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары,  
төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан  
Республикасының Қаржы министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан  
Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі, төрағаның  
орынбасары

Қазақстан Республикасының Өңірлік даму вице-министрі, хатшы  
Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының  
орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Бас прокуроры (келісім бойынша)  
Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі  
Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау  
м и н и с т р і

Қазақстан Республикасының Экономикалық интеграция істері министрі  
Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға  
қ а р с ы а г е н т т і к ) т ө р а ғ а с ы

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің  
т ө р а ғ а с ы

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігінің төрағасы  
Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі

Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі

Қазақстан Республикасының Әділет министрі

«Нұр Отан» партиясының хатшысы (келісім бойынша)

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының басқарма  
т ө р а ғ а с ы (келісім бойынша)

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының басқарма  
т ө р а ғ а с ы (келісім бойынша)

Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқа мүшесі, «  
Қазақстан кәсіпкерлері форумы» қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі  
кеңесінің т ө р а ғ а с ы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқа мүшесі,  
Қазақстан экономистері қауымдастығы Қамқоршылық кеңесінің төрағасы ( к е л і с і м б о й ы н ш а )

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма  
т ө р а ғ а с ы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқа мүшесі,  
Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасының президенті (келісім  
б о й ы н ш а )

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма  
төрағасының орынбасары, «Қазақстан кәсіпкерлерінің форумы» қауымдастығы»  
заңды тұлғалар бірлестігі кеңесінің мүшесі (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасы үйлестіру кеңесінің

мүшесі (келісім бойынша)

Қазақстанның Ұн тартушылар одағы Құрылтай кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқа төрағасы, «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқа мүшесі, «Орталық Қазақстан кәсіпкерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті (келісім бойынша)

«ҚАЗКА» Қазақстан кәсіпкерлері қауымдастығының бас директоры (келісім бойынша)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0 ж ы л ғ ы 1 4 с ә у і р д е г і

№ 3 0 8 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## **Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі бірыңғай үйлестіру кеңесі туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі бірыңғай үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес қызметінің мақсаты жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамыту болып табылады.

3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы ережені басшылыққа алады.

### **2. Кеңестің негізгі міндеттері мен құқықтары**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**4-тармаққа өзгерту енгізу көзделген - ҚР Үкіметінің 2010.07.13 № 711  
Қаулысымен (жариялануға жатпайды).**

#### 4. Кеңестің негізгі міндеттері:

- 1) шағын және орта кәсіпкерлік үшін әкімшілік кедергілерді жою және бизнес-ахуалды жақсарту:
  - лицензиялау-рұқсат беру жүйесін жетілдіру және оңтайландыру, е-лицензиялауды енгізу;
  - шағын және орта кәсіпкерлікті тексерулерді қысқарту және реттеу мақсатында бақылаушы органдардың қызметін оңтайландыру, тәуекелдерді бағалау жүйесін енгізу;
  - шағын және орта кәсіпкерліктің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қабылдау;
  - «Doing Business» (бизнесті жүргізу жеңілдігі) Дүниежүзілік Банкінің есебінде ұсынылған көрсеткіштерді жақсарту;
- 2) «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасын іске асыру;
- 3) кәсіпкерлікті дамытуға және оларды ресурстық қамтамасыз етуге байланысты республикалық және жергілікті бағдарламаларды үйлестіру;
- 4) кәсіпкерлікті қорғау және кәсіпкерлік саласындағы қылмыстық, әкімшілік заңнаманы жетілдіру;
- 5) кәсіпкерлік саласындағы экономикалық саясат мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

#### 5. Кеңес өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін өз құзыреті шегінде:

- 1) шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік органдармен, республикалық, облыстық және салалық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасауға;
- 2) сараптамалар мен консультациялар жүргізу үшін мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тиісті бейіндегі мамандарын, отандық және шетелдік сарапшыларды тартуға, сондай-ақ ведомствоаралық үйлестіру үшін жұмыс топтарын (штабтар) ұйымдастыруға;
- 3) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар мен ұйымдардан Кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпарат сұратуға және алуға құқылы.

### 3. Кеңестің қызметін ұйымдастыру

6. Кеңесті төраға - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі басқарады, ол оның қызметіне басшылық етеді, отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Төраға болмаған уақытта оның функцияларын Кеңес төрағасының орынбасарларының бірі орындайды.

#### 7. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Кеңестің жұмыс органы

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

Кеңестің жұмыс органы Кеңестің жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде Кеңес отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар Кеңестің отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасымен қоса Кеңестің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен .**

8. Кеңестің жұмыс органы:

- 1) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен;
- 2) Кеңестің шешімдерін орындауды қамтамасыз етеді және бақылайды;
- 3) Кеңес мүшелерінің және оның қызметіне тартылған мамандардың жұмысын үйлестіреді.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен .**

9. Кеңес отырысы өткізілгеннен кейін Кеңес хатшысы хаттама ресімдейді. Хатшы Кеңес мүшесі болып табылмайды.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен .**

10. Кеңес отырыстарында қаралатын мәселелердің тізбесі қажеттілігіне қарай жасалады .

11. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

12. Кеңестің отырысын төраға өз бастамасы бойынша, Кеңес төрағасы орынбасарының бастамасы бойынша не Кеңес мүшесінің бастамасы бойынша Кеңеске қарауға ұсынылатын материалдар негізінде шақырады.

13. Кеңестің шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оларға Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру Кеңес отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа ( бұдан әрі – Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парағын толтыру жолымен өткізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Кеңес мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде жазылуы және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген Кеңес отырысының есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Кеңестің отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парақтары негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен

х а т ш ы

қ о л

қ о я д ы .

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, Кеңестің хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парағын Кеңес мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Кеңес мүшелері дауыс беру парағын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап береді.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен .**

14. Кеңестің шешімі ұсынымдық сипатқа ие.

15. Дауыс беру парақтарымен қоса, Кеңес материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды Кеңестің жұмыс органы жүзеге асырады .

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен .**

16. Кеңестің отырыстары айына кемінде бір рет өткізіледі және егер оларға оның мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, заңды болып саналады. Шұғыл шешім қабылдау қажет болған жағдайда, төрағаның шақыруымен Кеңестің кезектен тыс отырысы өткізілуі мүмкін.

#### **4. Кеңестің қызметін тоқтату**

17. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі Кеңестің қызметін тоқтату үшін негіз болып табылады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1 4

с ә у і р д е г і

№

3 0 8

қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

#### **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір күші жойылған шешімдерінің тізбесі**

1. «Шағын және орта бизнес үшін әкімшілік кедергілерді жою және бизнес ахуалды жақсарту жөнінде комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 259 қаулысы.

2. «Дағдарысқа қарсы кеңес құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 наурыздағы № 275 қаулысы.

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 наурыздағы № 275 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 539 қаулысы.

4. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 552 және 2009 жылғы 10 наурыздағы № 275 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 шілдедегі № 1123 қаулысы 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж., № 34, 322-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК